



Қорытынды мемлекеттік
аттестация жөніндегі
дістемелік нұсқаулардың
титулдық парағы

Нысан
Н ПМУ ҰС 7.18.4/14

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Әлеуметтану және саясаттану кафедрасы

5В050200 – Саясаттану мамандығының студенттеріне арналған

**ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК
АТТЕСТАЦИЯ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК
НҰСҚАУЛАРЫ**

Павлодар



нды мемлекеттік
ация жөніндегі
елік нұсқауларды
кіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС 7.18.4/14

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

БЕКІТЕМІН

ОЖ проректоры

_____ Н.Э. Пфейфер

«__» _____ 20__ ж.

5В050200 – Саясаттану мамандығының студенттеріне арналған қорытынды
мемлекеттік бақылау жөніндегі

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Әдістемелік нұсқау МЖМББС жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білім мамандықтың ТОб, «23» тамызда 2012 жылы ҚР ҰҚ, Ағымдағы үлгерімге бақылау жүргізудің типтік ережелері, жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды аралық және қорытынды аттестациялау және «Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмысты (жобаны) орындау ережелері. Негізгі ережелер» атты ҚР МЖМБС 5.03.016-2009 негізінде әзірленді

Құрастырушы: _____ с.ғ.к., доцент. М. А. Алтыбасарова

Әлеуметтану және саясаттану кафедрасы

Кафедра отырысында ұсынылды, 2013 ж. «23» сәуірінде № 17 хаттама
Кафедра меңгерушісінің м.а. _____ А. А. Акишев 2013 ж. «23» сәуірінде

Тарих және құқық факультетінің ОӘК мақұлданды

2013 ж. «26» сәуірінде № 9 хаттама

ОӘК төрағасы _____ Ш. К. Сулейменова 2013 ж. «26» сәуірінде

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ А. А. Акишев. 2013 ж. «26» сәуірінде

МАҚҰЛДАНДЫ:

ТБ бастығы _____ П. О. Быков 2013 ж. «25» мамырында

ОӘБ бастығы _____ Е. Н. Жуманкулова 2013 ж. «25» мамырында

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

2013 ж. «25» мамырында № 6 хаттама

1 Қорытынды мемлекеттік аттестация және мемлекеттік емтиханды өткізудің мақсаты, міндеті, формалары

5B050200 «Саясаттану» мамандығы студенттері оқудың теориялық курсынан өткен соң «Саясаттанушы» біліктілігін және жоғары білім туралы диплом алу үшін қорытынды аттестацияны өтуге міндетті.

Қорытынды мемлекеттік аттестация мен мемлекеттік емтихандар оқу-тәрбиелік жұмыстың соңғы түрі және бақылау, үйрету және тәрбие қызметін атқарады.

Қорытынды мемлекеттік емтиханның мақсаты: жоғары кәсіби білімнің деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпы міндеттік стандартты меңгерудің деңгейін анықтау және оның нәтижесі бойынша білім беру туралы құжат (диплом) беріледі.

Қорытынды мемлекеттік аттестацияның міндеттері:

1. Студенттердің саяси үрдістердің заңдылығын түсіну деңгейін анықтау;

2. Студенттердің материалдарды талдау және қорытынды шығарудың білімін деңгейін анықтау;

3. Репродуктивті, өздігімен, шығармашылық ойлау қабілеті деңгейін анықтау;

4. Өздігімен ойлаудың, материал құрылымының білімін және оны баяндау деңгейін анықтау;

5. Мамандық бойынша теориялық білімі мен тәжірибелік машықтарын жүйелендіру, қорытындылау және көбейтуді білудің деңгейін анықтау және оларды қоғамның саяси саласындағы нақты шешу кезінде қодана білу;

6. Өздік жұмысты орындау машықтарының және дипломдық жұмыста қарастырылатын проблемалар мен сұрақтарды шешу барысында ғылыми зерттеудің әдістемесінің деңгейін анықтау;

7. Нарық экономикасы жағдайында білім алушының өздік жұмысына дайындығын анықтау;

Қорытынды мемлекеттік аттестацияны өткізудің формалары:

Мемлекеттік емтиханның тапсыру формасы - қиыстырылған, екі кезеңнен тұрады: 1. тестілеу; 2. билет бойынша ауызша емтихан – 30 балл. Мемлекеттік емтиханның 1 кезеңі үшін тестік формасы түрінде 30 тапсырма әр тапсырма 1 баллдан қарастырылған. Тестілеу уақыты - 45 минут. Мемлекеттік емтиханның екінші кезеңі билет бойынша ауызша түрде өткізіледі. Билет екі сұрақтан құрылған (әр сұрақ - 35 балл) ұзақтығы - 40 минут.

Дипломдық жұмысты қорғау мемлекеттік аттестациялау комиссиясының ашық отырысында өткізіледі.

Бітіру жұмысын қорғау шығарушы кафедраның оқытушылары, оқытушыларының қатысуымен көпшілік алдында өткізіледі. Қорғауға Бітіру жұмысын қорғау мемлекеттік аттестациялық комиссиясының ашық отырысында, оның мүшелерінің көбінен жартысы қатысуымен өтеді.

Бітіру жұмысын қорғау шығарушы кафедраның білім алушылар,

оқытушыларының қатысуымен ұйымдастырылады. Дипломды қорғауға ғылыми жетекші, рецензия жасаушы, бітіру жұмысы орындалған ұйымның өкілдері және тағы басқа өкілдерді шақыруға болады.

Бір дипломдық жұмысты қорғау ұзақтылығы - бір студентке 30 минуттан аспауы керек.

Білім алушы бітіру жұмысын қорғау үшін МАК-тың және қатысушылардың алдында 15 минуттық баяндама жасайды. Білім алушының баяндамасы көрнекті плакаттармен немесе интерактивтік режимдегі слайдтармен қоса көрсетілуі тиіс.

Бітіру жұмысының баяндамасынан соң білім алушы бланкқа жазылған МАК мүшелері қойған сұрақтарға жауап беруі керек.

2. Қорытынды мемлекеттік аттестацияны дайындаудың және өткізудің ұйымдастыру мәселелері:

Студенттердің қорытынды аттестациясы оқудың түрі мен формасына қарай оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізіледі.

Қорытынды аттестацияға - 5B050200 «Саясаттану» мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру және дипломдық жұмысты қорғау жатады. Мемлекеттік емтиханды тапсыру үшін бір апта беріледі. Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханға жататын фундаменталдық пәндер тізбесі кафедра отырысында ұсынылып, оқу жұмысы жөніндегі проректормен бекітіледі.

5B050200 Саясаттану мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру, толық теориялық курсты өткен және теориялық оқитудың 128 кредитін немесе 5780 академиялық сағатын, кәсіби тәжірибенің 10 кредитін меңгерген студенттерге рұқсат етіледі. Сонымен қатар, студент міндетті компонент бойынша 61-81 кредитті және таңдау бойынша 41-61 кредитті меңгеруі керек.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыруға рұқсат Тарих және құқық факультеті деканының қаулысы бойынша рәсімделеді және Мемлекеттік аттестациялық комиссияға ұсынылады.

Мемлекеттік аттестациялық комиссиясын қалыптастыру, құрамы, жұмыс тәртібі ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарымен анықталады.

Мемлекеттік емтиханның кестесін кафедра ұсынысы бойынша оқу бөлімі құрастырады. Онымен студенттер емтиханның басталуына 2 апта қалғанға дейін таныстырылады.

Емтихан алдында екі кеңес өткізіледі: нұсқаушы – студенттерді мемлекеттік емтиханға дайындаудың ең басында, емтихан алдындағы – емтихан өткізілетін күннің алдында.

Нұсқаушы кеңес өткізгенде:

- емтиханға дайындалу бойынша жұмыс әдістемесі, әдебиеттер ұсынылады;

- емтихан сұрақтарының сипаттамасы бойынша, жауап берудің күрделі, ерекше жағдайларына назар қоюдың қажеттілігі туралы ақпарат беріледі;

- студенттің емтихан тапсыру кезіндегі құқықтары мен мақсаттары туралы мәлімет беріледі;
- емтиханның өткізілетін уақыты, орны және өткізу тәртібімен таныстырылады;
- студенттерге жеке немесе емтихан алдындағы кеңестерде талдау үшін, дайындық барысында туындаған сұрақтарды жазып отыру ұсынылады;
- студенттерге емтихан кезіндегі бағалар критерийлері туралы мәлімет беріледі.

Емтихан алдындағы кеңесте:

- емтиханға дайындалу барысында туындаған сұрақтарға жауаптар беріледі;
- емтихан кезінде студенттер жиі жіберетін қателіктердің мысалы келтіріледі.

Мемлекеттік емтиханды тапсыру кезеңінде кафедра студентке жеке кеңес беру мақсатында оқытушылардың кеңес беру кестесін ұйымдастырады.

Бітіру жұмысты қорғауға ұсыну тәртібі

Дипломдық жұмыс шығарушы кафедраға алдын-ала қорғау рәсімін өту үшін ұсынылады.

Дипломдық жұмысты алдын-ала өту рәсімі кафедраның ашық отырысында диплом алдындағы практиканың материалдары бойынша, студент пен жұмыстың ғылыми жетекшісінің қатысуымен өткізіледі. Егер қажет болса ғылыми кеңесші қатысуы керек.

Қойылған талаптарға сәйкес ресімделген аяқталған дипломдық жұмысқа білім алушы, ғылыми кеңесші, ғылыми жетекші қолын қояды.

Жазбаша жұмыстың орындалуының өздігін қамтамасыз ету үшін, білімалушылардың тәртібінің деңгейін жоғарлату және жазбаша жұмысты орындау барысында адал ниетті бәсекелестікті тудыру мақсатында дипломдық жұмыс «Антиплагиат» бағдарламасымен тексеріледі.

Шығарушы кафедрамен ұсынылған дипломдық жұмыс факультет деканына рецензияға жіберіледі.

Ғылыми жетекшінің рұқсатымен қорғауға жіберілген, бірақ рецензент F «қанағаттанарлықсыз» бағасына бағаласа бітіру жұмысы жалпы тәртіп бойынша қорғалады.

Факультет деканы шығарушы кафедра меңгерушісі мен білім алушы-дипломшыны қорғаудан бір күн бұрын рецензиямен таныстырады және пікір мен рецензиясы бар дипломдық жұмысты МАК-қа қорғауға жібереді.

Білімалушының бітіру жұмысты орындау үрдісіндегі құқығы, жауапкершілігі және міндеттері

1. Білімалушы міндетті: дипломдық жұмыстың барлық бөлімдерін сапалы және уақтылы орындауға, уақтылы ғылыми жетекші мен кафедра меңгеруші алдында дипломдық жұмыстың орындалуы туралы белгіленген мерзімде есеп беру.

2. Білімалушы ғылыми жетекші мен дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдауға құқылы .

3. Білімалушы жауапты: дипломдық жұмыста қолданылған шешімдер мен барлық мәліметтердің дұрыстығы үшін, дипломдық жұмыстың күнтізбелік жоспары мезгілімен орындалуы үшін.

Бітіру жұмысты қорғау тәртібі

МАК құрамы жыл сайын, 31 желтоқсанға дейін университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

МАК-тың жұмыс кестесі университет ректорымен бекітіледі және ақпарат барлығына жұмыстың басталуына екі апта қалғанға дейін жеткізіледі.

Дипломдық жұмысты қорғауы басталуына дейін МАК-қа келесі құжаттар ұсынылады:

- дипломдық жұмысты қорғауға рұқсаты туралы деканның бұйрығы;
- дипломдық жұмысты қорғау бойынша ведомость;
- факультет деканы мақұлдаған білім алушының жұмыс оқу жоспарын орындау туралы анықтама;
- барлық пәндер, тапсырылған курстық жоба, курстық жұмыстар және барлық практикалар бойынша бағалары қойылған балдық ведомость;
- «Антиплагиат» бағдарламалық қамтамасыз етудің дипломдық жұмысты тексеру нәтижесі;
- ғылыми жетекшінің пікірі;
- рецензия.

МАК-қа орындалған дипломдық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылықты сипаттайтын басқа материалдар, ғылыми зерттеудің нәтижесін енгізу актілері немесе анықтамалары, макеттер, материалдардың, құралдардың, ауыл шаруашылықтық өнімдердің, үлгілері, минералдар коллекциясы, гербарийлер, басылымдар және т.б. ұсынылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік емтиханның және бітіру жұмысын қорғаудың бағасын қою тәртібі:

Студенттің емтихандағы жауабы комиссия мүшелерімен тыңдалады. Студенттерге анықтау сауалдарымен қатар, қосымша сауалдар да қойылады:

- егер жауаптар толық болмаса;
- қате жауап бергенде;
- студенттің білімін бағалауда күмәндік болса.

Қосымша сұрақтарды қойғанда, емтихан билеті сұрақтарының көлемі мен күрделігін алмастыруға болмайды. Емтихан кезінде тілектестік, қатаңдық және объективтік атмосферасы болуы тиіс.

МАК-тың әр мүшесі «жұмыс бақылау бағасы» формасын толтырады, онда емтихан сұрақтарының жауаптары қойылады. Олардың негізгі критерийлері болып табылатын: білімнің деңгейі мен көлемі, қосымша сұрақтарға берілген жауаптар, студенттердің семестр кезіндегі үлгерімі.

Студенттердің жауаптарынан кейін комиссия коллегиялық бағаны қояды. Егер де пікірталас болса, бағаның барлық компоненттерін салыстырады. Пікірталас шешілмеген жағдайда, шешімді МАК төрағасы қабылдайды.

МАК төрағасы комиссия мүшелері қатысуымен студенттердің әр сұрақ жауаптарының нәтижесін және қорытынды емтихан бағаларын хабарлайды,

студенттердің туындаған сауалдарына жауап береді.

Мемлекеттік емтиханның нәтижелері нормативтік құжаттарға сәйкес рәсімделеді.

Білімді бағалау критерийлері:

Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханның нәтижелері балл бойынша бағаланады: 90-100 балл - «өте жақсы», 75-90 балл - «жақсы», 50-75 балл - «қанағаттанарлық», 0-50 балл - «қанағаттанарлықсыз».

Білім деңгейі репродуктивті, өздігімен, шығармашылық ойлау білімімен, саяси үрдістердің заңдылығын түсінумен, сөз мәдениетімен анықталады.

«Өте жақсы» бағасы :

- шығармашылық элементі бар, өздігімен ойлау, курстың құрылымын және берілген тақырыпты білу, материалды талдауды және қорытынды шығаруды білу;
- бағдарламалық материалды толық меңгеру;
- негізгі және ұсынылған әдебиетті білу жағдайында қойылады.

«Жақсы» бағасы:

- өздігімен ойлаудың, материалдың құрылымын білу және оны баяндау;
- бағдарламалық материалды меңгеру (жауаптары нақты болмауы мүмкін);
- негізгі әдебиетті білу жағдайында қойылады.

«Қанағаттанарлық» бағасы :

- репродуктивті ойлау, курстың құрылымын, ұғымдарды, курс логикасын, саяси заңдылықтарды нашар білу;
- мазмұндайтын сұрақтың маңызын меңгеру (фактілер білімінде олқылықтар болуы мүмкін);
- негізгі әдебиетті нашар білу жағдайында.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасы:

- теориялық курстың материалын мазмұндай алмайтын, саяси тарихтың негізгі фактілерінің маңызын түсіндіре алмайтын;
- міндетті әдебиетті нашар білетін жағдайда қойылады.

Дипломдық жұмысты қорғау барысында бағаны қою тәртібі:

1. Дипломдық жұмыстың талқылау үрдісіне баяндама немесе сұрақ түрінде барлық қатысушылар қатыса алады.

2. Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікір мен рецензияны жариялайды (ғылыми жетекші өзі де жариялауына болады). Егер де пікір немесе рецензия бойынша қателіктер болса білім алушылар олар бойынша түсініктеме беруі керек.

3. Бітіру жұмысының қорғау нәтижесі бойынша балдық-рейтингті әріптік жүйе бойынша баға қойылады. Назарға теориялық, ғылыми, практикалық дайындық деңгейі, ғылыми жетекшінің пікірі және рецензенттің бағасы алынады.

4. Бітіру жұмысын қорғаудың бағасы туралы шешім, сонымен қатар біліктілікті тағайындау, академиялық дәрежені тағайындау және мемлекеттік

үлгідегі дипломды (үздік/үздік емес) табыс ету туралы жабық отырыста комиссия мүшелерінің ашық дауысты түрде қабылданады. Егер де дауыстар тең болса, комиссия төрағасының дауысы шешімді болады.

4. Аттестацияны қайта өту тәртібі

Дипломдық жұмысты оң бағаға көтеру мақсатында қайта қорғау рұқсат етілмейді.

«Қанағаттанарлықсыз» баға алған студенттерге бітіру жұмысын қорытынды мемлекеттік аттестацияның кезінде қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

Егер де дипломдық жұмысты қорғауы «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланса, МАК білім алушы бітіру жұмысын қайта өңдеп қайта қорғауы туралы шешімді қабылдайды және бітіру жұмыстарының тақырыптары қанша жыл (3 жыл) сақталатынын немесе кафедра ұсынған жаңа тақырыптарды анықтайды.

5. Университетті бітіру туралы құжатты рәсімдеу және беру тәртібі

Қорытынды аттестация өткен және жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген студентке МАК шешімімен мамандық бойынша «бакалавр» біліктілігі мен академиялық дәрежесі тағайындалады да, қосымша сы бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Дипломның қосымшасы регистратор бөлімінің студент жеке оқу жоспарын орындағаны туралы анықтамасының, БММС-пен қарастырылған көлемдегі барлық пәндер бойынша алынған бағалардың, тапсырылған курстық жобалардың (жұмыстар), практиканы өтудің және қорытынды аттестацияның нәтижесінің негізінде

Емтихан және сынақты А бағасына тапсырған, оқу жоспарының барлық пәндерінің 75 проценті бойынша А-«өте жақсы» бағасы болғанда, ал қалған пәндер бойынша В-, В, В+ «жақсы» бағасы болғанда және барлық мемлекеттік емтиханды және дипломдық жұмысты А «өте жақсы» бағасына тапсырған білім алушыға үздік диплом беріледі.



Қорытынды мемлекеттік
аттестация бойынша
дістемелік нұсқаулардың
титулдық парағы

Нысан
Н ПМУ ҰС 7.18.3/27

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Әлеуметтану және саясаттану кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

050502 – Саясаттану мамандығы студенттеріне арналған

Павлодар



нды мемлекеттік
ация бойынша
лік нұсқаулардың
кіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС 7.18.3/27

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**

БЕКІТЕМІН

ОЖ проректоры

_____ Н.Э. Пфейфер

«__» _____ 20__ ж.

**ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

050502 – Саясаттану мамандығы студенттеріне арналған
Бағдарлама мамандықтың ҚР МЖМББС 3.08.306-2006 Мемлекеттік жалпы
міндетті білім беру стандарты және ҚР МЖМББС 5.03.016 – 2009 «Жоғары оқу
орындарында дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау ережелері.
Негізгі ережелер» негізінде жасалған

Құрастырушы: _____ с.ғ.д., проф. Ғ.Н.Иренов _____ аға оқытушы А.С.Жамиева

Әлеуметтану және саясаттану

Әлеуметтану және саясаттану кафедрасының отырысында ұсынылған

«__» _____ 20__ ж., хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____ Ғ.Н. Иренов «__» _____ 20__ ж

Тарих және құқық факультетінің ОӘК құпталды

«__» _____ 20__ ж, хаттама № _____

ОӘК төрағасы _____ Н.И. Мошна «__» _____ 20__ ж

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ А.А Акишев. «__» _____ 20__ ж

ҚҰПТАЛДЫ:

ОҮСМБ бастығы _____ Е.В.Крюкова «__» _____ 20__ ж

ОҮЖЖӘҚБ бастығы _____ А.А. Варакута «__» _____ 20__ ж

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен құпталды

«__» _____ 20__ ж, хаттама № _____